# Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы N 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 23 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3505. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2026 жылғы 5 наурыздағы № 163 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2026 № 163 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 21.06.2016 № 660 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін одан әрі жетілдіру, оның рецидивтік қылмысқа қарсы күрестегі тиімділігін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, Көліктегі полиция департаменттерінің бастықтары:

1) сынақтар қабылдай отырып, әкімшілік полиция, криминалдық полиция, ақпараттық-аналитикалық орталықтар бөлімшелері жеке құрамының осы Ережені әскери және қызметтік даярлық жүйесінде зерделеуін;

ішкі істер органдарының әкімшілік полиция, криминалдық полиция және ақпараттық-аналитикалық орталықтар бөлімшелерінің арасында әр тоқсан сайын әкімшілік қадағалау орнатылған адамдардың есебін салыстыра тексеруді, сондай-ақ жедел кеңестерде қарай отырып, рецидивтік қылмысқа қарсы күрес жөніндегі жұмыстың жай-күйі мен нәтижелерін талдауды ұйымдастырсын;

2) әкімшілік қадағалауда тұратын және соттылық белгілері бойынша "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) қолданысына түсетін

адамдардың тарапынан қадағалау ережелері мен белгіленген шектеулерді бұзуды анықтау мақсатында қоғамдық тәртіпті қорғауға түсетін патрульдік жасақшаларының олардың тізімімен;

соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарға қажетті есепке алу материалдарын ашу, оларды ашудың негізділігіне, толықтығына және профилактикалық жұмыстың нәтижелеріне комиссиялық тексеруді жүзеге асыруды;

ойластырылып, дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы ақпаратты уақтылы алу, әкімшілік қадағалауда тұрған және соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдардың қылмыстық әрекетінің алдын алу және жолын кесу, әкімшілік қадағалаудан жалтарып жүрген адамдарды іздестіру мақсатында оларға бақылау жүргізуде жедел-іздестіру мүмкіндіктерін белсенді пайдалануды;

әкімшілік қадағалау орнатылуы мүмкін адамдарға қатысты ақпарат алу мақсатында олардың мінез-құлқы мен өмір салты туралы жедел хабардар болуды арттыру жөніндегі қосымша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарымен өзара іс-қимыл жасасуды;

әкімшілік қадағалауда тұрған адамдар қасақана жасаған қылмыстың әрбір фактісі бойынша анықталған кемшіліктерді жою және қадағаланушылармен жүргізілетін жеке профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдай отырып, қызметтік тексеру жүргізуді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.11.2014 № 852 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақпараттық-аналитикалық орталығы (Р.Н. Закаргаева) әкімшілік қадағалауда тұрған және соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарды орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.11.2014 № 852 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Тыл департаменті ( Ыбраев Б.Ә.) қосымшаларға сәйкес құжаттама бланкілерін дайындауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.11.2014 № 852 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау орнату және оны жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 436 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1270 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, N 3) күші жойылды деп есептелсін.

7. Осы бұйрық рәсми түрде жариялаған күнінен бастап қолданысқа енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Ішкі істер министрі*

КЕЛІСІЛГЕН
Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры
2005 жылғы 28 ақпан

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2005 жылғы 11 ақпандағы
N 97 бұйрығымен
бекітілген

## Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу қағидалары

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) әкімшілік қадағалаудағы адамдарды есепке алу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Әкімшілік қадағалау рецидивті қылмыстың алдын алудың нысаны болып табылады, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін сақтау негізінде іске асырылады және ішкі істер органдары бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар тарапынан құқық

бұзушылықтың алдын алу мақсатында олардың мінез-құлқын қадағалау түріндегі мәжбүрлеу шарасы ретінде заңнамада белгіленген шектеулерді сот қаулысы негізінде жүзеге асырады.

Әкімшілік қадағалау алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге, ал кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жазасын өтеген адамдарға қатысты – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабына сәйкес сотталғандық мерзімі өтелгенге дейін белгіленеді.

Қадағалауға алынған адам осы қағидаларды немесе өзіне жарияланған шектеулерді бұзған, сол сияқты құқық бұзушылықтар жасаған жағдайларда, белгіленген әкімшілік қадағалау мерзімі ішкі істер органдарының дәлелді ұсынуы бойынша судьяның қаулысымен – әрбір кезде алты айға ұзартылады, бірақ ол екі жылдан аспауы тиіс, ал кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарға қатысты әрбір кезде бір жылға ұзартылады. Осыған байланысты әкімшілік қадағалауды ұзарту мерзімі судьяның әкімшілік қадағалауды ұзарту туралы қаулысы шыққан кезден бастап есептеледі.

"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (бұдан әрі – Заң) ішкі істер органдары қадағалаушыларға және соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарға қатысты қажетті профилактикалық және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Қадағаланушыларды және соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарды бас бостандығынан айыру орындарынан босату, олардың тұрғылықты жерлеріне келуін және тіркелуін бақылау Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Әкімшілік қадағалауға алынған адамдарға әкімшілік қадағалау істері (1-қосымша) жүргізіле отырып, міндетті түрде ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне алынуы тиіс.

Әкімшілік қадағалау істері ішкі істер органының қызметтік үй-жайында сақталады, ал оларды жүргізу учаскелік полиция инспекторларының басшылығымен бөлімше инспекторларының біріне жүктеледі. Ішкі істер органы бастығының (оның міндетін атқаратын адамның) бұйрығы бойынша әкімшілік

қадағалау істері тиісті сақталу жағдайларында учаскелік полиция инспекторының (бұдан әрі - учаскелік инспектор) қызметтік үй-жайында сақталуы мүмкін.

Ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының өкімі бойынша әкімшілік қадағалау істері тиісті сақталу жағдайларындағы учаскелік полиция инспекторының қызметтік үй-жайында (бұдан әрі - учаскелік инспектор) сақталуы мүмкін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі); 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Есепте тұрғандармен профилактикалық жұмыс жүргізу барысын бақылауды қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесіне жетекшілік ететін ішкі істер органы бастығының орынбасары не қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің басшысы жүзеге асырады, олар тоқсан сайын әкімшілік қадағалау істерінің жүргізілуін тексереді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу кезінде әкімшілік қадағалау белгіленген адамдарды есепке алуды және олармен профилактикалық жұмысты ұйымдастыру

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Ішкі істер органының бастығы немесе оның орынбасары түзеу мекемесінен жазасын өтеген адамға қатысты әкімшілік қадағалау туралы қаулыны алғаннан кейін, ол қаулыны қадағаланушы тұратын учаскенің учаскелік инспекторына, сондай-ақ криминалдық полицияның жедел уәкіліне береді және оларға қадағаланушының таңдаған тұрғылықты жеріне келуіне бақылау жасауды ұйымдастыруды тапсырады.

Қадағаланушыны профилактикалық есепке қойғаннан кейін бұл туралы ішкі істер органы әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулы келіп түскен түзеу мекемесіне хабарлайды.

7. Учаскелік инспектор Заңның 2-бабының в) тармағы бойынша әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыны алған сәттен бастап тәулік ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге шығуға тыйым салуға Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық

жүйесіне енгізу үшін тапсырма жоспарын осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес толтырады және "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізу үшін облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығына жолдайды.

Таңдаған тұрғылықты жеріне келгеннен және қадағалаудағыны есепке қойғаннан кейін учаскелік инспектор оған тұрғылықты жері бойынша тіркеу ережесін сақтау туралы ескертеді және олардың сот белгілеген шектеуді сақтауын бақылайды, бас бостандығынан айыру орындарынан жіберілген ақпараттық-іздеу картасында (бұдан әрі – Т-АІК) көрсетілген деректердің шынайылығын тексереді, Заңның 7-бабында көзделген шектеулерді орнату туралы өз ұсыныстарын ішкі істер органының бастығына (оның міндетін атқаратын адамға) баяндайды, қадағалаудағы адамға байланыс сызбасын осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес толтырады.

Қадағаланушының сырт пішінінің өзгеруі (татуировкалар), тұрғылықты жерінің, жұмысқа орналасуының өзгеруі туралы ақпарат түзету парағына енгізіледі және ақпараттық-аналитикалық орталықтың бөлімшелеріне (бұдан әрі - ААО) бір тәулік ішінде жіберіледі. Сол сияқты қадағаланушыға байланысты барлық өзгерістер ААО түзету парағымен хабардар етіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Заңның 7-бабына сәйкес ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқаратын адам) қадағаланушыға шектеу орнату туралы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыну шығарады және оны үш күн ішінде сотқа жібереді.

Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы соттың шектеу орнату туралы қаулысын алып, учаскелік инспектордың қатысуымен қадағаланушыға әкімшілік қадағалаудың, оның міндеттерін және орнатылған қадағалаудың қағидалары мен шектеулерін бұзғаны үшін жауапкершілігін түсіндіреді.

Қадағаланушыға қатысты белгіленген шектеулердің тізбесін ішкі істер органының ұсынуы бойынша оның жеке басын, өмір сүру салтын және мінез-құлқын ескере отырып, судья Заңның 7-бабында көрсетілген шектеулер шегінде қысқартуы немесе толықтыруы мүмкін.

Шектеулер тізбесін қысқарту немесе оны толықтыру туралы ұсынысты әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын учаскелік инспектор дайындайды және

ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқаратын адам) қол қойғаннан кейін сотқа жібереді. Судьяның шектеулерді өзгерту туралы қаулысын алған күннен бастап үш күн мерзімде қадағаланушыға қол қойғызып жарияланады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қадағаланушыға шектеу орнату туралы қаулы әкімшілік қадағалау ісіне тігіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Егер түзеу мекемесінен жазасын өтеген қадағаланушыға қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулы келмеген не болмаса қадағаланушыны босату туралы анықтамада көрсетілген тұрғылықты жерге емес, басқа жерге келген жағдайда әкімшілік қадағалаудан жалтару ойы болмаса мұндай адам нақты тұратын учаскедегі учаскелік инспектор үш күн мерзімнің ішінде түзеу мекемесіне немесе қадағаланушы келуге тиіс ішкі істер органына оған әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыны жіберу туралы сұрау салады.

11. Әкімшілік қадағалау қадағаланушының тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады. Егер қадағаланушы дәлелді себептер бойынша аталған мекенжайда тұра алмаса, ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқаратын адам) учаскелік инспектордың баянатына және қадағаланушының арызына сәйкес оған қалалық, аудандық органдар қызмет көрсететін аумақтың шегіндегі басқа жерде уақытша тұруға рұқсат беруі мүмкін.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-тарау. Соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарды есепке алу**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдар таңдаған тұрғылықты жеріне келген соң мұндай адам келген учаскенің учаскелік инспекторы босатылған адаммен әңгімелеседі, бас бостандығынан айыру орындарынан келіп түскен ақпараттық іздеу карточкасында көрсетілген деректердің дұрыстығын салыстырады және оны есепке қойылған күннен бастап үш күннің ішінде ААО-ға жібереді (егер бас бостандығынан айыру орындарынан

босатылған кезде оған ақпараттық-іздеу карточкасы толтырылмаса, онда оны учаскелік инспектор толтырады), оған тұрғылықты жері бойынша тіркеу ережелерінің сақталуы үшін жауапкершілігі туралы, қоғамдық тәртіпті бұзған немесе өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, әкімшілік қадағалау орнату мүмкіндігі туралы оны қолхатпен ескертеді. Одан кейінгі барлық өзгерістер туралы ААО түзету парағымен хабардар етіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.11.2014 № 852 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамға қадағалау ісі (7-қосымша) ашылады, оны ашуға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтама негіз болып табылады.

Қадағалау ісі профилактикаланушының мінез-құлқы туралы ақпараттар жинау және оған алдын алу сипатындағы тиісті шаралар қабылдау мақсатында жүргізіледі. Учаскелік инспектор есепте тұрған адамның қылмыстық ниеттері немесе ол жасаған қылмыс туралы ақпарат алған жағдайда, бұл туралы дереу ішкі істер органының бастығына немесе оның орынбасарына баянатпен баяндауға міндетті.

14. Бақылау ісіне осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес құжаттар мен материалдар тігіледі.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қадағаланушыға қадағалау ісі соттылығын өтеу мерзімінің өтуі немесе алып тасталуы бойынша тоқтатылады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Есепте тұрған адамның жаңа тұрғылықты жерге көшуі туралы ААО түзету парағымен хабарланады, ал қадағалау ісі және Т-АІК ол тіркелуі тиіс жердегі ішкі істер органына жіберіледі. Есепте тұрған адамның жаңа мекенжай бойынша тіркелгені туралы да ААО түзету парағымен хабарланады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.11.2014 № 852 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Ішкі істер органының материалдары бойынша әкімшілік қадағалау Заңның 2-бабының "в" тармағында көрсетілген адамдарға, егер олар жазасын өтегеннен кейін өтелмеген немесе алынбаған соттылық мерзімі кезеңінде ішкі істер органдарының ескертулеріне қарамастан, қоғамдық тәртіпті және басқа да азаматтардың құқықтарын жүйелі түрде бұзса, өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда орнатылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдар құқық бұзушылық жасағандары туралы ақпаратты уақытылы алу мақсатында учаскелік инспектор олардың мінез-құлықтарын тұрғылықты жері мен жұмыс орны бойынша, Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің автоматтандырылған деректқорлары бойынша тексеруге міндетті. Тексеру нәтижелері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес іс-шаралар парағында көрсетіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Егер соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адам бір жылдың ішінде екі рет қоғамдық тәртіпті, басқа да азаматтардың құқықтарын бұзса немесе ол үшін әкімшілік жазалау шараларына тартылған өзге де құқық бұзушылықтар жасаса және құқыққа қарсы өмір салтын жалғастырса учаскелік инспектор оған әкімшілік қадағалау орнатудың мақсатқа сай екендігі туралы ішкі істер органының бастығына (оның міндетін атқаратын адамға) баянат арқылы баяндайды.

Баянатқа жасаған құқық бұзушылықтар мен оған қолданылған жазаларды ( адамды жауапқа тарту туралы хаттамалардың, қаулылардың және үкімдердің расталған көшірмелері) куәландыратын материалдар қоса тіркеледі.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі); 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

21. Ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқаратын адам) ұсынылған материалдарды қарап, әкімшілік қадағалауды мұндай адамға орнатудың қажеттігі туралы дәлелі ұсынымға (8-қосымша) осы Ереженің 20-тармағының екінші абзацында көрсетілген материалдарды қосып, сотқа жібереді. Ұсынымда әкімшілік қадағалау орнатудың негізі, оны қолданудың ұсынылып отырған мерзімі және Заңның 7-бабына сәйкес шектеулер көрсетіледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Заңның 2-бабының "в" тармақшасында көрсетілген адамдарға әкімшілік қадағалауды бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша аудандық (қалалық) соттың судьясы сот отырысында жеке өзі орнатады. Сот отырысына оған қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы ұсыныс енгізілген адам, ал қолдаухат бойынша қорғаушы, сондай-ақ бастығы ұсыныс енгізген органның өкілі де шақырылады.

Заңды күшіне енген соттың әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулысы есепке алуға және әкімшілік қадағалау ісін ашуға негіз болып табылады.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Заңның 2-бабының "в" тармағында көрсетілген адамдарға қатысты әкімшілік қадағалауды орнатудың (ұзартудың) мерзімі судьяның әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулысы шыққан сәттен бастап күнтізбелік аймен есептеледі. [1]

___________________

[1] Ескерту. Егер әкімшілік қадағалау алты ай мерзімге, 2004 жылғы 1 қыркүйекте орнатылса, онда оның қолданыстағы соңғы немесе ұзарту күні 2005 жылғы 1 наурыз болады.

24. Әкімшілік қадағалау орнату туралы не болмаса оның мерзімін ұзарту туралы немесе қадағалауды жүзеге асыру кезінде шектеулерді өзгерту туралы судьяның қаулысы қадағаланушыға қол қойғызу арқылы хабарланады. Сонымен қатар оған әкімшілік қадағалау ережесі, оның міндеттері және ережелер мен шектеулерді бұзғаны, сондай-ақ әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатында тұрғылықты жерінен өз бетімен кеткені үшін жауапқа тартылатыны түсіндіріледі .

25. Учаскелік инспектор қадағалау ісінің барлық материалдары тігілетін әкімшілік қадағалау ісін ресімдейді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4-тарау. Ішкі істер органдарында әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру**

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Заңның 13-бабына сәйкес әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдары қызметкерлері:

1) қадағаланушының мінез-құлқы туралы жұмыс орны және тұрғылықты жері бойынша азаматтардан және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың әкімшілігінен мәліметтерге сұрау салуға және алуға;

2) қадағаланушыны әңгімелесу үшін ішкі істер органына, учаскелік инспектордың қызметтік үй-жайына шақыруға, қажет болған жағдайда мұндай әңгімелерді қадағаланушының туыстарының келісімімен оларды қатыстыра отырып, өткізуге;

3) қадағаланушыдан әкімшілік қадағалау ережелерін орындаумен байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түрде түсініктер талап етуге;

4) қадағаланушының мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді орындауын бақылау мақсатында оның тұрғын үйіне тәуліктің кез-келген уақытында кіруге құқылы. Бұл ретте тексеруге, тінтуге жол берілмейді, тек заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіпте ғана рұқсат етіледі.

27. Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі профилактикалық іс-шараларды өткізуге көмек көрсету үшін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар тартылуы мүмкін.

28. Учаскелік инспектор қадағаланушымен тұрғылықты жері бойынша әкімшілік қадағалаудан жалтару және құқық бұзушылықтар жасау оқиғаларына жол бермеуі жөнінде ескерту жұмысын жүргізуге міндетті. Мұндай адамның әкімшілік қадағалаудан жалтару ниеті туралы мәліметтер алған кезде ол оған шектеулерді өзгерту жөнінде сотқа ұсыным жіберу туралы (9-қосымша) ішкі істер органы бастығына (оның міндетін атқаратын адамға) ұсыныс жасайды.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Қадағаланушының қылмыс жасау ниеті туралы ақпарат келіп түскен жағдайда учаскелік инспектор оны болдырмау үшін дереу шаралар қолданады, бұл ол туралы ішкі істер органының бастығына баяндайды.

30. Қадағаланушының тәртібі және орнатылған шектеулерді сақтауын бақылау мақсатында жүзеге асырылған әрбір тұрған жеріне бару нәтижелері бойынша учаскелік инспектор немесе қадағаланушыны тұрғылықты жері бойынша тексерген полиция қызметкері бақылау парағына (10-қосымша) тиісті белгі қояды.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

31. Заңның 16-бабына сәйкес қадағалауға алынған адамға ішкі істер органының учаскелік полиция пунктіне тіркелу үшін келу түріндегі міндет белгіленген жағдайда, онда мұндай тіркеуді учаскелік инспектор жүзеге асырады , бұл туралы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес бақылау парағында белгі қойылады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Қадағаланушылардың келуін тіркеу белгіленген шектеулерге сәйкес жүзеге асырылады және оның таңдап алған тұрғылықты жері бойынша тұруын бақылау үшін, сондай-ақ профилактикалық сипаттағы әңгімелер өткізу мақсатында пайдаланылады.

Бұл ретте белгіленген келу уақыты қадағаланушылардың жұмысы мен оқуына әсер етпеуі тиіс. Әңгіме қадағаланушылармен тоқсанына бір рет өткізіледі, ол туралы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес бақылау парағына белгі қойылады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Осы қағидаларды немесе белгіленген шектеулерді бұзу фактісі бойынша ішкі органның қызметкері қадағаланушыны тиісті жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қабылдайды.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Егер әкімшілік қадағалаудың ережелері мен белгіленген шектеулердің бұзылғанын қадағаланушы тұрмайтын қызмет көрсету аумағындағы ішкі істер органының қызметкері анықтаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама шаралар қолдану үшін осы адамға әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органына жіберіледі.

35. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Қадағаланушының тұрақты тұратын жерінен ауданнан (қаладан) тысқары шығуы туралы мәселелерді ішкі істер органы бастығы (оның міндетін атқаратын адам) қадағаланушының жазбаша арызы және учаскелік инспектордың адамның

әкімшілік қадағалау кезіндегі мінез-құлқын сипаттайтын деректерді көрсете отырып, шығу себебі туралы жазбаша баяндамасы негізінде қарайды. Қабылданған шешім туралы арызға тиісті жазба жазылады, ол ІІО-ның кіріс хат-хабарларында тіркеледі.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Қадағаланушыға басқа жерге уақытша кетуге және онда бір тәуліктен артық болуға рұқсат берілген жағдайда қолхат арқылы бағыттық парақ беріледі ( 14-қосымша), онда басқа елді-мекенге шығуға рұқсат берілген күні, бару мақсаты мен болу мерзімі, қадағаланушының ішкі істер органында тіркелу, шақыру бойынша белгіленген уақытта ішкі істер органына келу, тұрақты тұратын жері бойынша оны қадағалауды жүзеге асыратын учаскелік инспекторға өзінің оралғаны туралы хабарлау міндеттері көрсетіледі. Қадағаланушының кеткені туралы учаскелік инспектор ол келуге тиіс аумаққа қызмет көрсететін ішкі істер органына жазбаша түрде хабарлайды (15-қосымша).

38. Қадағаланушы басқа ішкі істер органы қызмет көрсету аумағына келгеннен кейін қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің уәкілетті қызметкері немесе осы адам тұратын қызмет көрсету аумағындағы учаскелік инспектор қадағаланушының келгені және кеткені туралы бағыттық парағына белгі енгізеді, оларды ішкі істер органының мөрімен (мөртабанымен) растайды.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 01.10.2025 № 742 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Учаскелік инспектор қадағаланушының уақытша тұру мерзімі ішінде оның мінез-құлқы мен өмір сүру салтын қадағалауды жүзеге асырады; әңгімелесу үшін оның келу күндерін белгілейді; қадағаланушының болу мерзімі аяқталғанда бағыттық парағына оның уақытша тұру жеріндегі мінез-құлқы туралы жазба енгізеді.

40. Қадағаланушы тұрақты тұратын жеріне оралған кезде оған әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын учаскелік инспектор бағыттық парақтағы жазбалармен танысады, оған аталған адамның келгені туралы белгі қояды және бағыттық парақты әкімшілік қадағалау ісіне тіркейді.

41. Әкімшілік қадағалауда тұрған адам тұрақты тұратын жерін ауыстырған жағдайда қадағалауды жүзеге асыратын учаскелік инспектор бұл туралы қадағаланушының жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына хабарлайды (16-қосымша).

Қадағаланушының жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органы үш күн мерзім ішінде сұрау салуға, ал бұрынғы тұрғылықты жері бойынша ішкі істер

органы салынған сұрау бойынша сол адамға әкімшілік қадағалау ісін жіберуге міндетті. Әкімшілік қадағалау ісін алушы ішкі істер органы үш күн ішінде қадағаланушының тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне түзету енгізеді.

Осыған ұқсас түзетулер "Бүркіт" БАЖ-ға қадағаланушыны бас бостандығынан айыруға соттаған кезде және қайтыс болған жағдайда жүргізіледі .

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.11.2014 № 852 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Қадағаланушы басқа елді мекенге тұрақты тұруға кеткен жағдайда оған бақылау парағы (18-қосымша) беріледі, онда кеткен күні, жаңа тұрғылықты мекенжайы және жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына тіркелуге келу мерзімі көрсетіледі.

43. Әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатында қадағаланушы өз еркімен тұрғылықты жерінен кетіп қалған немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған жағдайларда таңдап алған тұрғылықты жеріне белгіленген уақытта келмеген жағдайда ішкі істер органы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастайды және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен оны іздестіруге шаралар қабылдайды.

Учаскелік инспектор учаскесінде тұруға тиіс немесе тұрған мұндай адамның тұрғылықты жері бойынша жоқ екенін анықтаған сәттен бастап бес күн ішінде қадағаланушының тұрғылықты жерін анықтауға шаралар қабылдайды. Анықтаған жағдайда әкімшілік қадағалау ережелерін бұзғаны туралы хаттама толтырады, оған түсініктемелерді, басқа да материалдарды қосып, ішкі істер органының бастығына немесе оның орынбасарына баяндайды.

Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2015 № 981 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

44. Алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 08.08.2022 № 655 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Әкімшілік қадағалау орнатылған адам заңда белгіленген мерзімде таңдаған тұрғылықты жеріне келмеген жағдайда ішкі істер органдары оның болған жерін және келмеу себебін анықтау бойынша бастапқы іс-шаралар жүргізеді.

Көрсетілген адамның болған жері анықталмаған жағдайда ішкі істер органдары сотқа дейінгі тергеуді бастайды, бұлтартпау шарасын таңдай отырып, оны іздестіруге жариялайды.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.11.2014 № 852 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Қадағалаудағы әкімшілік қадағалау мерзімі кезеңінде қадағалау қағидаларын немесе белгіленген шектеулерді бұзғаны үшін екі рет әкімшілік жауапкершілікке тартылған және қайтадан осындай бұзушылық жасаған жағдайда (егер екінші бұзушылық үшін шара қолдану сәтінен бастап бір жыл өтпесе) учаскелік инспекторы негізделген баянатпен ішкі істер органының бастығына әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту қажеттілігі туралы ұсыныс енгізеді.

Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу кезінде тек қадағалаудың белгіленген шектеулері мен ережелерін бұзу ғана емес, сонымен қатар оның әкімшілік жазалау шараларына тартылуына себеп болған қадағаланушының жол берген қоғамдық тәртіп бұзушылықтары мен өзге де қасақана құқық бұзушылықтар жасағаны ескеріледі.

Бұл жағдайда ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқаратын адам) сотқа әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту туралы ұсыным жібереді (19-қосымша ). Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту, не ұзартудан бас тарту туралы судьяның қаулысын алған күннен бастап үш күн мерзімі ішінде қадағаланушыға қол қойғызу арқылы хабарланады.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Әкімшілік қадағалау Заңның 14-бабында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылады. Егер қадағаланушы бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шарасына сотталған болса, онда оның өмір сүру салтын және мінез-құлқын қадағалау пробация қызметімен өзара іс-қимыл жасаса отырып, жүзеге асырылады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 28.11.2014 № 852 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Заңның 14-бабының а), в), г), д) және е) тармақшаларында көзделген әкімшілік қадағалау тоқтатылған жағдайда әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органының қызметкері қаулы шығарады (20-қосымша), оны ішкі істер органы бастығы (оның міндетін атқаратын адам) бекітеді.

Егер қадағаланушының мінез-құлқы мен өмір сүру салты, оған қоса жедел-анықтамалық есептер бойынша тексерулердің нәтижелері оның түзелу жолына түскендігін куәландырса, учаскелік инспектор қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы ішкі істер органының бастығына (оның міндетін атқаратын адамға) баянат арқылы баяндайды. Материалдарды зерделеу нәтижелері бойынша ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқаратын

адам) сотқа әкімшілік қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату туралы дәлелді ұсыным жолдайды (19-қосымша).

Судьяның немесе ішкі істер органының әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулысы қадағаланушыға қол қойғызу арқылы хабарланады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. Учаскелік инспектор қолхат бойынша қадағаланушыны қадағалауды тоқтату туралы қаулымен таныстырады, онымен оның алдағы уақыттағы мінез-құлқы туралы, қоғамдық тәртіпті сақтау қажеттілігі және құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу туралы әңгімелеседі.

50. Заңда белгіленген тәртіппен әкімшілік қадағалау тоқтатылған адамдарды және соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарды бас бостандығынан айыру орындарынан босаған уақыттан бастап соттылығын өтеу немесе алып тастау мерзімі аяқталғаннан кейін учаскелік инспекторлар Ішкі істер министрі айқындаған тәртіпте бұрын сотталғандар ретінде тізімдік есепке қояды.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Заңның 14-бабы "а" және "б" тармақтарының негізінде қадағалауға алынған адамға қатысты тоқтатылған әкімшілік қадағалау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабына сәйкес соттылық мерзімі өтелгенге дейін Заңның 2-бабының "в" тармағы бойынша (мұндай адамның қоғамдық тәртіп пен басқа азаматтардың құқықтарын бұзғанын, өзге де құқық бұзушылықтар жасағанын куәландыратын ішкі істер органының материалдары бойынша) қайта тағайындалуы мүмкін.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Әкімшілік қадағалау тоқтатылған жағдайда әкімшілік қадағалау ісі ішкі істер органының мұрағатына тапсырылады және іс мұқабасында көрсетілген сақтау мерзімі аяқталған соң белгіленген тәртіппен жойылады.

Әкімшілік қадағалау ісінің мұрағатта сақтауды аяқтау уақыты соттылығын өтеу немесе алып тастау мерзімінің аяқталуымен анықталады.

## 5-тарау. Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру кезіндегі ішкі істер органдары қызметтерінің функционалдық міндеттері

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру кезінде ішкі істер органдарының қызметтері мынадай негізгі функцияларды атқарады:

1) учаскелік инспекторлар қадағаланушылардың және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылатын басқа да адамдардың келуіне, тіркелуіне бақылау жасайды; негіздер болған жағдайда соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарға әкімшілік қадағалау орнату үшін материалдар ресімдейді; қадағаланушыларға байланыс сызбасын толтырады (3-қосымша) және олардың әкімшілік қадағалау ережелерін және оларға белгіленген шектеулерді сақтауын қадағалайды, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды әкімшілік қадағалауды жүзеге асыруға тартады; қадағаланушылар мен соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдар тарапынан болатын құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың жолын кесу жөнінде шаралар қабылдайды;

2) ішкі істер органдарының арнайы мекемелері мен кезекші бөлімдерінің қызметкерлері әр түрлі құқық бұзушылықтар үшін жеткізілген және ұсталған адамдардың арасынан қадағаланушыларды немесе соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарды анықтайды және бір тәулік ішінде бұл адамдар жол берген құқық бұзушылықтар туралы, оның ішінде әкімшілік қадағалаудан жалтарып жүрген қадағаланушыларды ұстау туралы тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына хабарлайды;

3) тергеу және анықтау қызметкерлері қадағаланушылар немесе соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдар жасаған қылмыстарды тергеу кезінде олардың қылмыс жасауына ықпал ететін себептер мен шарттарды анықтайды және белгіленген тәртіппен әкімшілік қадағалау орнату және оны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстағы анықталған кемшіліктер бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) криминалдық полиция және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің қызметкерлері қадағаланушылардың және соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдардың қылмыстық байланыстары мен пиғылдарын анықтайды және олар ойластырып жатқан қылмыстардың алдын алуға, жолын кесуге немесе жасалған қылмыстарды ашуға шаралар қабылдайды;

5) ААО бөліністерінің қызметкерлері бұрын сотталғандардың деректер базасын қалыптастыруды, сондай-ақ қадағаланушылардың және соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдардың Т-АІК-ды тұрақты

тұруға келген жерлеріндегі аумақтық ішкі істер органына дер кезінде жіберуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 53-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**6-тарау. Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу жөніндегі жұмыс нәтижелерін бағалау**

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу жөніндегі жұмысты бағалау кезінде мыналар:

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу кезінде әкімшілік қадағалау орнатылған адамдарды, соттылықтың формальды белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарды уақытылы және толық есепке алу;

қоғамдық тәртіп пен басқа азаматтардың құқықтарын бұзған, өзге де құқық бұзушылықтар жасаған соттылықтың формальды белгілері Заңның қолданысына түсетін адамдарға әкімшілік қадағалау орнату туралы ұсыныстарды сотқа уақытылы жіберу;

қадағаланушылардың мінез-құлқы мен өмір сүру салтын бақылау, олардың әкімшілік қадағалау ережелері мен шектеулерін сақтауын бақылау жөніндегі жұмыстың жай-күйі;

әкімшілік қадағалаудан жалтарғаны үшін қылмыстық іс қозғау үшін жинақталған материалдың толықтығы;

әкімшілік қадағалауда тұрған адамдар тұрғылықты мекенжайын өзгерткен жағдайда оларды есепке алуды жүзеге асыру жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысындағы сабақтастықты қамтамасыз ету;

бас бостандығынан айыру орындарынан босату кезінде өздері таңдаған тұрғылықты жеріне келмеген, сондай-ақ әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатында тұрақты тұратын жерінен өз бетінше кетіп қалған қадағаланушыларды іздестіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру кезінде заңдылықты қатаң сақтау ескеріледі.

Ескерту. 54-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**7-тарау. Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарға қатысты электрондық бақылау құралдарын қолдану тәртібі**

Ескерту. Ереже 7-тараумен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 25.04.2017 № 288 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң енгізіледі) бұйрығымен.

55. Тиісті профилактикалық бақылауды қамтамасыз ету және қадағалауға алынған адамның жүрген жері туралы ақпаратты алу үшін ІІО Қылмыстық-атқару кодексінің 172-бабы 4-тармағына сәйкес электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы.

56. Ішкі істер органының бастығы (оның міндетін атқаратын адам) қадағалауға алынған адамға орнатылған шектеулерге сәйкес оның жеке басын сипаттайтын мәліметтер негізінде, сондай-ақ тиісті құрал-жабдықты орнатудың техникалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып, қадағалауға алынған адамды есепке қою кезінде оған электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 16.07.2018 № 517 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Қадағалауға алынған адамға электрондық бақылау құралдарын қолдану туралы шешім осы Қағидалардың 21-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сотпен әкімшілік қадағалау белгіленген адамға қатысты электрондық бақылау құралдарын пайдалану туралы қаулымен ресімделеді, ол қадағалауға алынған адамға және онымен бірге тұратын адамдарға жарияланады, бұл ретте құрал-жабдықты бұзғаны үшін қадағалауға алынған адамның жауапкершілігі түсіндіріледі. Электрондық бақылау құралдарын пайдалануға жауапты ІІО қызметкері, қаулы шығарған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде қажетті құрал-жабдық орнатуды жүзеге асырады, қадағалауға алынған адамға электрондық бақылау құралдарын пайдаланудың ерекшеліктерін түсіндіреді, осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әкімшілік қадағалауға алынған адамның электрондық бақылау құралын пайдалану бойынша жадынама алғаны туралы қол қойғызу арқылы оған оларды пайдалану жөніндегі жадынама береді.

